



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Әлеуметтік көмектің жаңа түрлері

Жаңа жылдан бастап әлеуметтік осал санаттағы адамдарға біржолғы көмек пен тегін қызмет түрлері қосылды.

2024 жылы қазанның екінші жексенбісінде атап өтілетін Мүгедектер күніне орай әлеуметтік көмек қолданысқа енгізілді. 1-топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 20 АЕК немесе 73 840 теңге, 2-топтағы мүгедектігі бар адамдарға және барлық

шегетіндердің қатарындағы әлеуметтік маңызы бар науқастарға біржолғы әлеуметтік көмек беріледі.

Бұған қоса «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын оңалту туралы» заңда белгіленген тәртіппен 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы Қазақстандағы оқиғаларға қатысушылар қатарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына 16 желтоқсанда (Тәуелсіздік күні) 60 АЕК



топтағы он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – 10 АЕК немесе 36 920 теңге, 3-топқа 5 АЕК немесе 18 640 теңге беріледі.

Сонымен қатар мерекелер күндерінде кейбір осал топтағы азаматтарға 2,5 АЕК мөлшерінде біржолғы ақшалай түрінде әлеуметтік көмек көрсетіледі. Атап айтқанда, 4 ақпан – Дүниежүзілік қатерлі ісікке қарсы күрес күні қатерлі ісік тәрізді диагнозы бар балалар мен азаматтарға, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні көп балалы аналарға, оның ішінде аз қамтылған аналарға, 21-23 наурыз – Наурыз мейрамына орай ата-анасының мақорлығынсыз қалған балаларға, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні Отан алдындағы ерекше еңбегі үшін зейнетақы алушылар қатарындағы зейнет жасындағы адамдарға, 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен, мүгедектігі бар немесе зейнеткер адамдарға, 1 маусым – Балаларды қорғау күні жетім балаларға, 29 тамыз – Семей ядролық сынақ полигонының жабылу күні ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға, 1 қазан – Қарттар күні жасы бойынша зейнеткерлерге және зейнетақының ең төменгі мөлшерін алушылар қатарындағы зейнеткерлік жастағы адамдарға, 1 желтоқсан – Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні иммун тапшылығы вирусын зардап

мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

15 ақпан – Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстаннан шығару күні «Ардагерлер туралы» заңдағы 5-бабының 2, 3, 4, 5-тармақтарында көрсетілген басқа мемлекеттердің аумағындағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан ардагерлерге, Ауғанстанда әскери қызмет өткеру кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруы салдарынан мүгедектігі бекітілген азаматтарға, сондай-ақ 26 сәуір – Чернобыль атом электр стансасындағы апат құрбандарын еске алу күні жеңілдіктері бойынша Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге және Чернобыль атом электр стансасындағы апат салдарын жоюға қатысқан адамдар қатарындағы адамдарға 45 АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Ал 9 мамыр – Жеңіс күніне әлеуметтік көмек ретінде Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне 1 млн теңгеден кем емес беріледі. Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге де 45 АЕК мөлшерінде көмек ала алады. Алайда еңбек ардагерлеріне 15 АЕК мөлшерінде көмек алады. Сондай-ақ әлеуметтік көмек 25 қазан – Республика күнінде аз қамтылған азаматтарға 4,5 АЕК (АӘК алушылар қатарынан) мөлшерінде беріледі.

«Созақ үні»-ақпарат.



Президент Түркістан облысы тұрғындарының әл-ауқатын арттыруды тапсырды

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Президентке өткен жылы облыста атқарылған жұмыстар туралы айтып, есеп берді.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша, аймақтың негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінде оң динамика байқалады. Атап айтқанда, өңірдегі өнеркәсіп өнімінің көлемі 2,5 пайызға өсіп, 1 триллион теңгеден асқан. Өңдеу өнеркәсібін дамыту үшін жалпы сомасы 30,2 миллиард теңге болатын 20 жоба іске қосылып, 594 жаңа жұмыс орны ашылған.

Облыс әкімінің айтуынша, алдағы 5 жылда өңірдің өз кірісін 100 миллиард теңгеге арттыру жоспарланып отыр. Алдын ала есеп бойынша былтыр жалпы өңірлік өнім көлемі 3,8 триллион теңге болған. Ал ауыл шаруашылығындағы өнім көлемі 1,1 триллион теңгені құраған. Бұл көрсеткіш бойынша Түркістан облысы республи-

када көш бастап тұр. Саланы әртараптандыру нәтижесінде 3,3 миллион тонна көкөніс, бақша өнімдері жиналды. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Президент тапсырмасына сәйкес ауыл шаруашылығында өнім көлемін арттыруға, суды үнемдеуге ықпал ететін жаңа әдістемелер мен технологиялар енгізіліп жатыр.

Мемлекет басшысына өңірдегі шағын және орта бизнестің даму барысы туралы баяндалды. Дархан Сатыбалдының айтуынша, облыстағы кәсіпкерлік субъектілерінің саны 211 мыңға жетіп, 1,6 триллион теңгенің өнімі өндірілген. Облыста жалпы сомасы 407,5 миллиард теңге болатын құрылыс жұмыстары жүргізіліп, 898,9 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. 3 мыңға жуық отбасы баспаналы болды. Бұдан бөлек, былтыр бюджет есебінен 35 мектептің құрылысы жүргізіліп, 20 мектеп ашылды.

«Жайлы мектеп» жобасы аясында облыста үш жыл ішінде 49 мың оқушыға арналған 63 мектеп салынады.

Сонымен қатар Президентке аймақтағы ауылдарды сумен және газбен қамтамасыз ету жұмыстарының барысы таныстырылды. Өткен жылы облыстағы 20 елді мекенге жаңадан ауызсу құбыры тартылды. Тоғыз ауылдағы ескірген су тарту жүйелері жаңартылды. Сондай-ақ 62 газбен қамту нысанының құрылысы аяқталып, 48 елді мекенге көгілдір отын жеткізілді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев облыс әкіміне халықтың әл-ауқатын арттыру, өңірдің экономикалық жағдайын жақсарту жөнінде берген тапсырмаларын жүйелі әрі сапалы орындау қажет екенін айтты. Сондай-ақ Түркістан өңірін дамыту жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

«ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА»: БЖЗҚ ақша алатын балалардың тізімін әзірледі

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ «Ұлттық қор - балаларға» жобасы бойынша қаражат алатын балалардың тізімін жариялады. Бұл туралы қордың баспасөз қызметі мәлімдеді.

«БЖЗҚ жобасының операторы «Ұлттық қор - балаларға» жобасы бойынша алғашқы трансферттерді алатын қазақстандықтардың тізімін әзірледі, 2024 жылы 18 жасқа толатындарды қосқанда 7 миллионға жуық бала ақша алады. Тізім тексеріліп жатыр», делінген қор хабарламасында.

Қор «Ұлттық қор - балаларға» жобасы бойынша алғашқы төлемдер биыл ақпан айында жүзеге асырылатынын хабарлады.

Еске салайық, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Ұлттық қор - балаларға» жобасы іске қосылды. Оған сәйкес, барлық балаларға жыл сайын ұлттық қордың инвести-

циялық кірісінің 50%-ы есептеледі.

Балалар 18 жасқа толғанға дейін инвестициялық кіріс мерзімінен бұрын алу құқығынсыз есептеледі. Бала 18 жасқа толғанда БЖЗҚ-да оған арналған нысаналы жинақтау шоттары ашылады. Бұл шоттан ақшаны тұрғын үйге және білім алуға пайдалануға болады.

БЖЗҚ 18 жасқа дейінгі балалар туралы деректерді (ТАӘ, ЖСН) «Жеке тұлғалар» Мемлекеттік деректер қорынан алып отырады. Бір балаға арналған мақсатты талаптардың сомасы осы мәліметтер негізінде есептеледі.

Баласының бағдарламаға қатысушы болғаны туралы ақпаратты ата-аналар egov.kz порталындағы жеке кабинеттен ала алады.

Сүйінші жаңа кітап!

«Жүрек жылуы» жұртшылыққа жол тартты



«Созақ үні» газетінің тұрақты оқырманы, жанашыры, ұлағатты ұстаз, ақын, азамат Салықбайұлы Мergenбай ағайдың «Азият» баспасынан «Жылы жүрек» атты алғашқы кітабы жарыққа шықты. Кітап бірнеше бөлімнен құралған. Онда ақын жырлары, БАҚ беттерінде жарияланған өлеңдері мен мақалалары, ақын ағамыз туралы ел азаматтарының жылы естеліктері, ұл-қыздарының ризашылықтары мен ақжарма тілектері басылған.

«Даласы түлеп жайнаған,
Ырыс пен бағы таймаған.
Мал өсіріп қалың ел,
Арқа құмды жайлаған,

Созақ жері киелі», деп Созағын тынбай жырлаған ақын ағамызға алдымен денсаулық, шығармашылық жолында шалқар шабыт тілейміз!

«Созақ үні» газетінің ұжымы.

Қыз намысы-ұлт намысы



«Саржаз» шағын жинақты негізгі орта мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 5-9 сынып қыздары арасында «Қыз намысы-ұлт намысы» атты кәсіптік бағдар беру педагогы әрі қыздар кеңесінің жетекшісі Б.Жанболатованың ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өтті.

Аталған шараның мақсаты халықтық тәлім-тәрбие негізінде қазіргі қазақ қыздарының бойында жан сұлулығын қалыптастыру жолдарын көрсету,

адамгершілікке үндеу.

Дөңгелек үстелде қыз тәрбиесі жайлы жан-жақты әңгімелер, ой толғаулар, «Қыздарға қырық үйден тыйым» демекші 40 тыйым айтылып, видеороликтер көрсетілді. Шара барысында қыздар бір-бірімен және сынып жетекшілермен пікір алмасып, өздеріне қажетті мәліметтер ала білді.

А.БАЙДИЛДАЕВА,
«Саржаз» шағын жинақты негізгі орта мектебінің директоры.

Жұлделі орынды иеленді



Өткен жыл еліміздің Қарулы күштері үшін көптеген жаңалықтарға толы болды. Бірқатар заңнамаға да өзгерістер енгізілді. Ондаған оқу-жаттығу жиындары да ұйымдастырылды. Арасында халықаралық жиындар да өтті. Соның бірі жыл соңына қарай ұйымдастырылған «Құтатты армия – Жаңа Қазақстан» атты ұранмен өткізілген

оқу дайындық жұмыстары турасындағы шара болды. Аталған шарада Созақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің жеке құрамы 2023 оқу жылында жұмылдыру даярлығы, қызметтік іс-шаралар және әскери тәртіп пен мемлекеттік-құқықтық дайындықта, сонымен қатар әскерге шақыру жұмыстарында өл жеткізген жетістіктері үшін Түркістан облысы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің басқарма және бөлімдері арасында жұлделі II-орынды иеленіп, Түркістан облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының ауыспалы кубогын жеңіп алып, арнайы грамотамен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Өз кезегінде аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығы майор Құлымбаев Қуанышбек Маусымбекұлы бұл жетістіктің оңайлықпен келмегенін, осындай биік белестерді бағындыруға бөлімнің жеке құрамының және әскерге шақыру жұмыстары барысында өздерінің жұмыстарын жоғары деңгейде атқарған Созақ, Сызған, Қарақұр ауылдық округтерінің әкімдіктері мен Таукент кентінің әкімдігінің әскери есеп столы мамандарының, сонымен қатар аудан көлемінде қорғаныс саласының жұмысын жіті қадағалап отырған аудан әкімінің орынбасары Оразов Қалдыбек Әбілдахлының зор үлесі бар екенін айта келіп, жоғары басшылық тарапынан талаптардың күшеюіне байланысты ағымдағы жылы әскерге шақыру науқанында атқарылар жұмыстардың бұдан да күрделі болатынын атап өтті.

Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімін аудан абыройын асқақтатар жеңістерімен шын жүректен құттықтай отырып, жұмыстарына табыс тілейміз!

Нұрсұлтан ҚАНАТУЛЫ.

Алдағы күндері синоптиктердің мәліметі бойынша барлық өңірлерде ауа-райы күрт төмендеп, аязды күндер орын алады деп болжанып отыр. Ауа-райының қолайсыздығына байланысты аудан басшысы сала мамандарына нақты тапсырмалар жүктелді.

Соның бірі тұрғындарды сапалы жылумен қамту мақсатында Таукент кентіндегі жылу жүйесін тиімді басқаруға арналған баламалы жылу энергиясын беретін



ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫН БАҚЫЛАУЫНА АЛДЫ

қосалқы қондырғыны орнату.

Осы ретте аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Таукент кентіне арнайы барып, жүктелген тапсырманың орындалу барысын өз бақылауына алды. Жаңадан орнатылған қосалқы қондырғы-

ның жұмыс барысын тексерді. Сондай-ақ жылу қазандықтарына қажетті көмір мен мазут отынының мөлшерін назардан тыс қалдырмады. Тиісті мамандарға жылуға қатысты мәселелерге немқұрайлылық танытпай, әрбір істі бақылауда ұстауды тапсырды.

Айта кетейік, қазіргі таңда Таукент кентінде жылу температуралық кестеден жоғары дәрежеде беріледі. Бұған дейін жылуды тиімді басқаруға арналған қосалқы қондырғы Қыземшек кентіндегі жылу жүйесіне де орнатылған.

ЖОЛДАРДЫ ҚАРДАН ТАЗАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Аудан орталығындағы ішкі көшелерді қардан тазарту жұмысы тоқтаусыз жүргізілуде. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің тапсырмасына сәйкес жауапты мамандар мен коммуналдық сала қызметкерлері жолдар мен аяқжолдардан бөлек, халыққа қызмет көрсету орталықтары, әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандар тазалығына баса назар аударып, қардан тазарту жұмыстарын жүргізуде. Бұған қоса, елді мекендерде ауыз

су, электр желісі бойынша туындаған мәселелерді дер кезінде шешу мақсатында сала орынбасарларына тиісті тапсырмалар жүктелді.

Ауа райының қолайсыздығы кезінде жолкөлік оқиғаларының алдын алу мақсатында тазалық жұмыстарына 5 арнайы техника жұмылдырылып, 50 тоннаға жақын инертті материалдар себілді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Өндірістік қауіпсіздікті автоматтандырады

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ және Furukawa Electric Power Systems Co. (FEPS) мен Sumitomo Corporation Power & Mobility Co. өндірістік объектілердегі электр жеткізетін әуе желілерінде қардың жиналуы мен мұздың қатуын автоматтандырылған түрде болдырмауға мүмкіндік беретін жабдықтарды/технологияларды сынақтық іске қосу жөніндегі пилоттық жобаны енгізу бойынша өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды.

Furukawa Electric Power Systems Co. пилоттық жоба ретінде Түркістан облысындағы «Уранэнерго» ЖШС-тің жоғары вольтты желісінде жабдықтардың тәжірибелік үлгілерін орнату мүмкіндігін қарастыруда.

Жаңа жабдық мұздың қатуын болдырмай, электрдің ажырату қаупін барынша азайта отырып, әуе электр желілеріндегі мұзды-аязды шөгінділердегі пайда болуының алдын алуды қамтамасыз етеді. «Уранэнерго» ЖШС-«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ еншілес ұйымы, ол электр энергиясын беру мен таратуды, оңтүстік өңірлердегі барлық уран өндіруші кәсіпорындардың электр желілері мен қосалқы станцияларын пайдалануды жүзеге асырады, сондай-ақ Таукент және Қыземшек кенттерін электрмен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

2023 жылғы 23 қарашада «Уранэнерго» ЖШС-нің Sumi-



tomo Corporation Power & Mobility Co. және Furukawa Electric Power Systems Co. компанияларының өкілдерімен кездесуі шеңберінде әлеуетті ынтымақтастықтың егжей-тегжейі, сондай-ақ жапон технологиясы бойынша электр желілерін мұздан қорғайтын пилоттық жобаны іске қосу шарттары талқыланған болатын.

2025 жылға дейін жалғасатын жаңа жабдықты тестілеу нәтижелері бойынша атом холдингінің энергетиктері технологияны нақты жағдайда бағалайды. Қазатомөнеркәсіп пилоттық жоба сәтті іске асырылған жағдайда объектілерді энергиямен тұрақты қамтамасыз ету мақсатында технологияны/жабдықты одан әрі өнеркәсіптік пайдалануға енгізуді қарастыруды жоспарлап отыр.

Электрмен қамтамасыз етудің үздіксіздігі атом холдингінің өндірістік және басқа да объектілерін жабдықтау үшін өте маңызды. Қыс мезгіліндегі жоғары ылғалды-

лық, жел, ауа температурасының күрт өзгеруі сымдарда, тіректерде және аспалы ауа желілерінің басқа да элементтерінде мұз бен дымқыл қардың пайда болуына ықпал етеді. Қырау мен мұз қатуы электр желілерінің қалыпты жұмысына қауіп төндіріп, көбінесе тіректердің зақымдалуына және электр желілерінің сымдарының үзілуіне әкеледі. Электр желілеріндегі апаттар айтарлықтай экономикалық зиян келтіруі мүмкін, тұтынушыларды энергиямен жабдықтау жүйесін парализдейді және электр желісін қалпына келтіру үшін көп күш жұмсауды қажет етеді.

Бұған дейін «Уранэнерго» ЖШС ВЛ-110кВ Л-111 және Л-112-де МЕТЕОР АИСКГН көктайғақ жүктемелерінің мониторингі жүйесін енгізген болатын, бұл уран өндіруші кәсіпорындардың электр энергиясын апаттық ажырату мүмкіндігі туралы көктайғаққа қауіпті жағдайының ерте алдын алуды, көктайғақ-мұздақтың пайда болуы мен көбеюін анықтауды, метеожайдайларды ескере отырып, электр желілеріндегі көктайғақ-жел жағдайының дамуын болжауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді, сондай-ақ кен өндіру кәсіпорындарының жүктемелерін резервтік схемаға толық ауыстыруға кететін уақытты алты сағаттан бір сағатқа дейін қысқартты.

Нұржамал МАЙУСОВА.

Бәлкім біреу білсе, біреу білмес, елімізде кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021- 2025 жылдарға арналған ұлттық жоба аясында мемлекеттік грант беру жобасы жұмыс жасап келеді. Қайтарымсыз мақсатта берілетін бұл грант мөлшері жылда өзгеріп отырады. Еңбек және халықты әлеуметтік жағынан қорғау вице- министрінің айтуынша 2023 жылға берілетін гранттың мөлшері 400 АЕК болып бекітілген көрінеді. Бұл дегеніміз, 1380 мың теңгені құрайды. Сондай- ақ, 2023 жылдың 20 ақпанында «business.enbek.kz» порталында жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға өтінім қабылданған. Жалпы, Республика бойынша 2,5 мың грант беру жоспарланған екен. Алайда, былтыр еліміз бойынша өтінімдер төрт рет қабылданып, 9 мың грант берілді. Негізінен, тіркелген жұмыссыздар мен жеке кәсіпкерлер (тіркеу мерзімі үш жылдан аспаған жағдайда) және мына



жас балаларға қызмет көрсетуде. Меруерт те әзірше 1 ғана адамды жұмыспен қамтып отыр.

Жалпы, мен білетін 2023 жылдың соңғы потоғында грант алған азамат- азаматшалардың көпшілігі осындай шағын кәсіпорындарын ашып, жұмыс жасап отырған жандар. Әрине, бұл мәліметті мен Созақ Аудандық Мансап Орталығынан алдым. Осы мәліметті алып жатқанда орталық басшысы Елдос Дәулетбаевпен алдағы уақыттарда осы жоғарыда аты аталған, аталмаған 2023 жылы мемлекеттік қайтарымсыз грантты алып, кәсібін дөңгелетіп отырған азаматтардың жұмысына бір мониторинг жасап, қайтуға келістік. Мың есітігеннен, бір көрген жақсы деп, аудан жұртшылығын, оның ішінде «Созақ үні» газетінің оқырмандарын мемлекет тарапынан беріліп жатқан қайтарымсыз гранттың қоғамға қайтарымы болып немесе болмай жатқанынан хабардар ету біздің міндетіміз. Ең бастысы,

Қайтарымсыз гранттың қайырын көріп отырмыз ба?



санаттағы азаматтар мемлекеттік грант алуға үміткер бола алады:

- Мүгедектігі бар адамдар;
- Қандас мәртебесі бар адамдар;
- Өңіраралық қоныс аударушылар;
- Аз қамтылған отбасылардың мүшелері;
- Көп балалы отбасының мүшесі

сы шеңберінде кәсіпкерлік негіздері бойынша курсты аяқтағаны туралы сертификат талап етіледі.

Мінеки, осы ретте біздің Созақ ауданында да бірқатар жұмыстар атқарылды. Нақтырақ айтсам, мен өзім «Ел Мүддесі» ҚБ-нің төрағасы ретінде жоғарыдағы санаттарға кіретін, қайтарымсыз мемлекеттік гранттан үміткер азаматтардың грант алуға лайықты не лайықсызын анықтау барысында құрылған комиссияның мүшесі болғаным бар. 2023 жылдың соңғы екі потоғын біріктірген комиссияның құрамында мансап орталығының, аудандық кәсіпкерлік бөлімінің қызметкерлері, аудандық мәслихаттың депутаты, «Аманат партиясының ауданымыздағы бөлімшесінің мүшесі, «Атамекен» ҰКП-ның Түркістан облысы, Созақ ауданы бойынша бөлімшесінің директоры және қоғамдық ұйымдардың өкілдері болды. Өзім мүшесі болған бұл комиссия талапкерлердің арасынан лайықтыларын анықтағанда қоғамның өтінішін ескеріп, мейлінше маусымдық кәсіптерге емес, тұрақты кәсіп иелеріне берілуін қадағалап бақтық. Комиссияның отырысын тікелей эфирден облыстық мансап орталығының өкілдері мен жалпы қоғам бақылап отырды. Нәтижесінде, бармақбасты, көзқыстылыққа және сы-



байластыққа жол берілмеді. Әрине, бір комиссия мүшелері қаншалықты объективті бола алатын болса, соншалықты әділ болуға тырысып бақтық. Сол, өзіміз 1380 мың теңге, 400 АЕК көлеміндегі қайтарымсыз мемлекеттік грантты алуға лайық деп тапқан азаматтардың арасында:

1.Түкебаев Ержан Қалашұлы- Созақ ауылынан.

Ержан Қалашұлы өзі алған грант (1380 мың теңге) негізінде бизнес жоспарында көрсеткендей, сабын шығаратын кәсіпорын ашып отыр. Әзірше 1 ғана адамды жұмыспен қамтуда.

2.Абуов Мағжан- Шолаққорған ауылынан. Мағжан да өзі иелік еткен грантқа «Дөңгелек жөндеу» орталығын ашып, жұмыс жасауда. Ол да әзірше 1 ғана адамды жұмыспен қамтып отыр.

3.Оспанов Дінмұхаммед Бекмұхамбетұлы- Шолаққорған ауылынан. Дінмұхаммед Бекмұхамбетұлы «Шағын токарлық цех» ашып алып, халыққа қызмет көрсетуде. Бұл азамат та әзірше 1 ғана адамды жұмыспен қамтып отыр.

4.Шәкір Меруерт Қалдарбекқызы- Жартытөбе ауылынан. Меруерт Қалдарбекқызы «Емдік массаж кабинет» ашып алып, тұрғындарға, әсіресе,

мемлекет берген мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, қоғамымыздағы жұмыссыздықты азайтып, кәсіпкерлікті дамытып жатсақ, онда бұл жоба өзін-өзі ақтады деген сөз. Ал енді, керісінше бұл жобаға бөлінген қаржы құмға сіңген су секілді мақсатты түрде жұмсалмаса мемлекеттің



(ері не әйелі);

- Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған адам (ер не әйел);
- Асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушылар.

Сосын, үміткерден соңғы үш жыл ішінде алған «Бастау Бизнес» жоба-

өтінішін ескеріп, мейлінше маусымдық кәсіптерге емес, тұрақты кәсіп иелеріне берілуін қадағалап бақтық. Комиссияның отырысын тікелей эфирден облыстық мансап орталығының өкілдері мен жалпы қоғам бақылап отырды. Нәтижесінде, бармақбасты, көзқыстылыққа және сы-



мүлкі, халықтың қазынасы желге ұшқаны. Әлбетте, олай бола қоймас деп үміттенеміз. Себебі, мемлекеттен бөлінген қаржыны қазіргі таңда мемлекеттік ұйымдар менен құқық қорғау орындары ғана емес, мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері де қадағалап, бақылап отыр. Дегенмен, алдағы мониторинг жұмыстары қоғамның осы бағыттағы сан сауалдарына жауап береді деп үміттенемін!

Данияр БЕК.

Айырылдың жақсы жолдас
сыңарыңнан.
Саялы биік дарақ шына-
рыңнан.
Артыңда дамолланың қал-
ды пәрзәнт,
Пайда жоқ дамоллаға бұдан
артық.
Жоқтай бес намазы құра-
ныңнан,

Әркімге қиын жұмыс бауыр-
дағы,
Басыңа түскен салмақ ау-
ыр-дағы.
Көңіліңіз жабырқаулы болып
қапты.
Үзіліп алтын сағат бауын-
дағы.


**Бақыр маз бек патша-
лар ұрса пышақ.**

Оның парқын кем емес қыл-
са нысап.
Басыңа таудан ауыр іс
түсіпті.
Душпанға білдірмекпіз кур-
сан құсап,
Басыңнан көтерілген
түскен тұман.
Аллаға әрі жұмыс қылма
күмән.

Жылағанның артында жұбаныш бар,
Қараңғы түннің артын күндіз қылған.
Көңілде, қабын аға інің едім.
Ініңіздің кеткенін біліп едім,
Көңіліңіз қапа шеккен уағында,
Қағазым сәлем берген міне менің.
Осымен тәмам болды сөздің арты,
Дуға мұқтаж болар момын халқы,
Кәлима жазушыны кім десеңіз,
Жетімдер Байзақұлы Мұса аты.

**Кәрілек кезінде қатыны өліп келгенде
қызды сипаттау**

Көкұлы Көтеншіге болдым бірдей,
Дулатты да қалғам жоқ адам білмей.
Мысалы қызды көрсем қырғауылдай,



Аспандағы ақ сұңқарша жүрмен ілмей.

Қыздан да қыздарда да бар бес шақырым,
Күлім көз, оймақ ауыз, жібек тұлым,
Сол қызды қудай оңлап қолға берсе,
Қызық жеті арзан екен берген құлық.

Бұйра шаш, бүлкіл бөксе, биік өкше,
Алдыңнан елең қағып кесіп өтсе.
Қайық төс, қырғи қабақ, түлкі тамақ,
Жігіттің арманы жоқ қолы жетсе.

Бұраң бел, қоян жонды, жауырыны жазық,
Оқтаудай омыртқасы белі нәзік.
Жүргенде біратола буынды алса,
Ізденіп жүрміз таппай соны жазып.

Бұраң бел, қоян жонды, бөкен санды,

Көйлегі денесіне тимей тұрса,
Сүп сүйір екі емшегі ұшын тіреп.
Мақсатқа осыменен жетпейсің бе?
Қабыл боп көңілдегі болса тілек.

Р.С Жігіттік өткенің бе қадам басып,
Барасың күннен күнге араңды ашып.
Көңіліңнің айнығаны не қылғаны,
Тұрмадың уәдеңде табандасып.

Дүние жаңа білдім өтеріңді,
Көңілден жігітшілдік көтерілді.
Екеуіміз екі жаққа кетеміз деп,
Басыңда неге айтпадың өсеңді.

**Теріп, жинақтаған Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.**

Ақ тамақ, иегі сүйір, беті
қанды.
Күлгенде күн көрінсе та-
мағынан,
Ізденіп жүрміз таппай сон-
дай жанды.

Қыздар да, қыздар бар мар-
жан білек,
Қолында бар сұңқары
жалғыз түлек.
Седептей тырнақтары
жалт жұлт өтсе,
Буыны жоқ саусағында
жұмыр білек.

Жігіттік қайда барса кете
бердім,
Мен де сенің соңыңнан же-
те бердім.
Мысалы қызды көрсем
қырғауылдай,
Бір қағып бөктергіге өте
бердім.

Қолынан сусағанда жын
ішсе де,
Алдында бір пияла сусын
тілеп,
Қолыма сусын беріп қайта
қайттың,
Аяғың әсемдікпен баса
шіркін.

Кешелі бері елдің көп бөлігінде
үдеген қаңтардың қарлы бораны
сәл бәсеңсіген сияқты. Қауіпті еле-
мей сапарға шыққан біраз жолаушы-
ны құтқарушылар қар құрсауынан
алып шыққан болатын. Жалпы бір
соқса, тоқтамай соғатын боранның
басы қайсы, аяғы қайсы? Қазақ не-
ге бұл боранды бөрісырғақ дейді?
Арқа даласы жан атаулыны қыстың
басында текенің бұрқылымен бір
сілкісе, соңында тағы апталап
соғатын, ат құлағы көрінбейтін ақ
бораны бар. Мұны бөрісырғақ дейді.
Қазақ баласының боранға мұндай
атау беруінің де өз сыры бар. Бұл
уақытта қасқырлардың ұйлығып,
болмаса қыс бойы аңшылықтың
кесірінен біреуі ашылып кететін бол-
са, екіншісі қалмайды ғой. Ол өзіне
жүп іздейтін осындай бір аласапы-
ран далада сарырылыстар болады
бұл кәдімгі бөрісырғақ уақыты. Бұл
қасқырдың жұптасатын уақыты. Бір-
бірімен будандасатын уақыты. Бұл
кезде кәдімгідей ұрпақ өсіруге дай-
ындалатын уақыты. Қасқырдың
әуегінде мысалы 25-30 қасқырға
шейін болады. Соның ішінде бір
ғана аналық қасқыр болады. Оны
бөрте дейді. Бір ғана еркек қасқыр
болады. Жаңағы тұқым шашатын.
Оны бөрі дейді. Қалған қасқырлар
мүмкіндігі болса да оған араласпай-
ды. Бұл табиғаттың керемет нәрсесі.
Басқа мақұлықта мұндайлар жоқ
мысалы. Енді табиғаттың істеп
қойғанын қараңыз. Жаңағы бөрі мен
бөрте әуектен бөлініп, жаңағы
бөрісырғақта көзден таса жерде
жаңағым аталады. Ақпанның орта
шөнінен аса басталатын
бөрісырғақта барлық жерде бірдей
ақтүтек боран соқпауы да мүмкін, -
дейді аңшылар. Өйткені қазақтың
даласы байтақ. Оның шеті мен
шегіне боран да жете алмауы
мүмкін. Дала ит-құсқа өз қорған. Тау
тасы, сай саласы өзегі мен қоса бо-
раны да дәл осы қасқырға қызмет
қылып тұр. Қасқыр ит тұқымдас



болғанмен, жаратылысының өзі та-
биғатпен тұтасып кеткен. Бөрісырғақ
өткінші емес, арты атаға, тіпті одан
да әрі созылуы мүмкін. Сол себепті
бұл мезгілде адамдар малына абай
болып, өзі де сақ жүргені дұрыс.
Дәл осы уақытында қасқыр шыны-
мен де ештеңеге қарамайды. Мыса-
лы таудың ішінде жатқан қасқырлар
болады. Түспейді таудан шықпайды.
Соның ішіне кірген аңды жейді. Бол-
маса оған таяу жайылған малды
жейді. Ал енді бөрісырғақ басталған
уақытта олар тыман аңшы келеді-
ау, артында ізімді іздеп біреулер кел-
леді-ау деген ол қорқыныштардан
ада болады. Ол кәдімгідей 7-8
шақырым жазықтыққа шығып кетеді.
Сол уақытта ол тамақ іздеп
шықпайды. Өйткені оның тамағы ту-
ра сол таудың іргесінде, егінде
жатқан аңға барған жоқ. Тамаққа
барған жоқ. Ол жаңағы жұбын іздеп

кетеді. Жалғыз қап қойған қасқыр-
лар жаңағы сыңарынан айрылып
қалған болмаса, жаңағы адасып
қалғандар, атылып кеткендер бір-
бірімен жұптасқан уақытта дала са-
пырылып кетеді. Бөрісырғақта дала-
ның қожасы – қасқыр. Бір есептен,
сырма ізін жасырады. Бір жағынан,
саршұнақ аяздан кейін қар әзден
қатады. Көбік қарда күн ұзаққа
қуып, сілесін қатыратын жүйріктің де
бұл мезгілде тауы шағылады.
Өйткені әншейінде омыраулатып же-
тетін аттың сидуаң сирағын қар көте-
ре алмауы мүмкін. Малтығып қала-
ды. Ал бөрі сол қардың үстімен жор-
тып кете береді.
Жылдағы қалыптасқан дәстүр бой-
ынша 19 қаңтарда христиан дінін
ұстанушылар аяздың қаһарына
мінген түні «Крещенский мороз» деп
суға түсіп жатады. Биыл да суға
түсетіндер аз болмайтын сияқты.

Бірақ осы күнді баз біреулер бұрма-
лаймыз деп «Бөрісырғақ» деп қате
атап жүр. Бір байқағаным, әркім
өзінше бұрмалауға тырысқан бұл
күн атауының өзінде бірізділік жоқ.
Әр аймақта әр түрлі аталуымен
қатар адасушылықтардың да бары
байқалады. Ең бастысы, оның ас-
трономиялық маңызынан гөрі, діни
бұрмалаушылығы басым. Ал енді
«Крещенский морозды» «Бөрісырғақ»
деп атап жүргендер бүгінде аз емес.
Алдымен, Бөрісырғақ дегеніміз не?
Осыған тоқталайық. Бөрісырғақ бас-
талғанда күн суытып, ызғар күшейіп,
қар жауып, ауа райы борандатып
тұрады. Бұл амал қасқырдың «жерік
айында», яғни арлан мен қаншық
жұптасатын ақпан айына тура кел-
еді. Оны қанша тықпаласаң да 19
қаңтарға қиыстыра алмайсың. Бұл
күнді «Крещенский мороз» емес, оны
«Сарышұнақаяз» деп атау керек
дейді елімізге белгілі профессор
Серік Негимов. Мәселен, бізде қат-
ты аязды үш түрге бөлген. Олар –
сарышұнақ аяз, ақшұнақ аяз және
қызылшұнақ аяз.

Осы жерде белгілі журналист, әрі
публицист Нұрғәлі Жүсіптің «Кре-
щенский мороз» деп сабылатын
елордалықтарға қаратып: «Бұл
«Крещенский мороз» емес, кәдімгі
«Арқаның суығы» дегені еске түседі.
Бір сөзбен айтқанда «Сары аязы».
Бұл аязды ақтаулықтар «Итба-
лықтың кіндік қатырмасы» деп атай-
ды. Сөйтсек бұл уақытта Каспий
теңізіндегі итбалықтар мұздың
бетіне шығып балалайды екен. Қат-
ты суықта балаларының кіндігі мұзға
жабысады да, кесіліп түседі. Мұндай
суық болмаса балалары қырылып
қалуы мүмкін. Маңғыстаулықтар да
бұл кезенді осылай атап жүр. Жал-
пы көпшіліктің табиғат тылсымын
біле жүргені абзал.

**Көпберген ӘБІШБЕКОВ,
Ауған соғысының ардагері.**

«Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары» мемлекеттік мекемесі <https://e-auction.gosreestr.kz> веб порталы арқылы сауда-саттықтың Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттық (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде жер учаскелерінің меншік құқығын сату аукционын өткізеді.

Сауда-саттықтың ағылшын тәсілі бойынша аукцион өткізу шарттары.
Ұйымдастырушы объектіні бастапқы бағасы мен бағаның ұлғаю қадамын хабарлайды. Аукционға қатысушылар жарияланған қадам бойынша бағаны көтереді. Объект бойынша сауда-саттық объектінің ең жоғарғы ұсынылған бағасына дейін жүргізіледі. Егер объект бойынша сауда-саттық қатысушылардың саны екіден кем болмаса, сауда-саттық өткізілді деп есептеледі.
Жер учаскелерін сату шарттары: нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану, игеру шартын жасау, объектісін жобалау үшін сәулеттік жайғастыру тапсырмасын алу, сервитуттар беру, жер төлемін уақытылы енгізу.
Ауыртпалықтар (шектеулер): инженерлік коммуникациялардың қорғау аймағын сақтау және оларды жөндеу және қызмет көрсету үшін кедергісіз кіру мүмкіндігін беру.
Қосымша шарттар: құжаттардың бастапқы пакетін рәсімдеу бойынша шығын сомасын сатып алушымен өтеуге жатады.
Сауда-саттықта анықталған учаскенің құны: 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды және 30 (отыз) МРП АЕК-ден аспайды.
Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін 20 минут бұрын аяқталады. Өтінімдерді қабылдау және тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін түскен өтінімдер қабылданбайды.
Аукционға қатысушы ретінде тіркелген үшін: аукционға қатысуға өтініш, тұлғасын куәландыратын құжат, кепілдік жарна енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі, өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат ұсынылуы қажет. Заңды тұлғалар қосымша нотариалды расталған Жарғының және заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін ұсынады. Төлемнің бастапқы бағасының нысаны мен шарттары:
Бір кепілдік жарна бір жер учаскесін сатып алуға құқық береді.
Аванстық төлем сатып алу-сату шартына қол қойылған күнен бастап бес банктік күннен кешіктірілмей мерзімде аукцион барысында белгіленген бағаның 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды. Кепілдік жарна тиісті аванстық төлем есебіне алынады;
Кепілдік жарна <https://e-auction.gosreestr.kz> веб порталында (IBAN/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»: KZ946017111000000330; БИК: HSBKZKX; КНП: 171; Кб: 16.
Жібек жолы көшесі №40 үй «Созақ ауданы әкімдігінің Жер қатынастары бөлімі»
Анықтама үшін телефоны: 8/72546/ 4-27-69; 8-708-276-13-17

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығы, Созақ ауданы аумағынан сауда-саттыққа (аукционға) түсетін жер учаскелерінің ТІЗІМІ

№	Орналасқан жері	Нысаналы мақсаты	Көлемі, га	Құқық түрі	Аукционды өткізу тәсілі	Жер телімінің бастапқы (төменгі) бағасы теңге	Аукцион өтетін уақыты	Кепілдік жарна бастапқы соманың 15% бірақ 30 АЕК төмен болмауы керек
1	Тайқоңыр елді мекені	Күкірт қышқылы завод құрылысы үшін	15 га	Жеке меншік	Электрондық түрде	6 600 000	26.01.2024 11:30	990 000
2	Ақсұмбе елді мекені	Кәсіпкерлік мақсатта	0,10 га	Жеке меншік	Электрондық түрде	44 000	30.01.2024 11:00	184 600
3	Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі	Кәсіпкерлік мақсатта	1 га	Жеке меншік	Электрондық түрде	3 801 000	30.01.2024 12:00	570 150

Аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімі.

Хабарландыру

Шолақорған ауылдық округінде жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындары өткізіледі.
Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, өтетін орны кесте бойынша жалғасады.
Созақ ауданының Шолақорған ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі.

Шолақорған ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының өтетін орны, күні және уақыты

Қ/с	Елді мекен атауы	Көше атауы	Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындары Өтетін орны	Өтетін күні	Өтетін уақыты
1	Шолақорған	Балдысу	Түркістан облысының білім басқармасының, Созақ ауданының білім бөлімінің «Жамбыл атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты	29.01.2024	15-00
2		Қарабұлақ	Түркістан облысының білім басқармасының, Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарабұлақ» шағын жинақты бастауыш мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты		16-00
3		Абай	Түркістан облысының білім басқармасының, Созақ ауданының білім бөлімінің «Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты	30.01.2024	10-00
4		Жеткіншек	Түркістан облысының білім басқармасының, Созақ ауданының білім бөлімінің «Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты	30.01.2024	12-00
5		Теріскей	Түркістан облысының білім басқармасының, Созақ ауданының білім бөлімінің «А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты	31.01.2024	11-00
6		Шолақорған	«Созақ ауданының Шолақорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ғимаратының мәжіліс залы		15-00

Хабарландыру

Құмкент ауылдық округінде жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындары өткізіледі.
Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны кесте бойынша жалғасады.
«Созақ ауданының Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының Құмкент ауылдық округіне қарасты көшелерінде өтетін орны күні және уақыты

Қ/с	Елді мекен атауы	Көше атауы	Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындары Өтетін орны	Өтетін күні	Өтетін уақыты
1	Құмкент	Жылыбұлақ	«Бәйтерек» монументі алдында	07.02.2024 ж	10:00 де
3		Амангелді	Орталық Шаңыраққа қараған қиылыста		11:00 де
4		Тасарық	«Балдырған» балабақшасына қараған қиылыста		12:00 де
5		Берденұлы	«Қ.Сәтбаев» атындағы мектеп гимназиясы алдында		15:00 де
6		Есіркепұлы	Мәдинет үйінің алдында		16:00 де
7		Жамбыл	Орталық қойма маңында	08.02.2024 ж	10:00 де
8		Құмкент	«Ауылдық аурухана» мекемесі алдында		11:00 де
9		Абай	Айтбаев Ерлан Сайлауұлының тұрғын үй маңында	08.02.2024 ж	12:00 де
10	Қызылқанат	Қызылқанат	«Сезім» дүкенінің алдында		15:00 де
11	Қызылкөл	Төлеуов	«Қайрат» балабақшасының алдында	09.02.2024 ж	10:00 де
12		Бөкенов	Төлеуов көшесіне қараған қиылыста		11:00 де
13		Уалиханов	М.Әуезов атындағы мектептің алдында		12:00 де
		Беркінбаев	«Таза су» мекемесінің алдында		15:00 де

Жауапкершілік жалпыға ортақ

Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғы шарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажеттігі сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Сондықтан жемқорлықпен күресте қоғам болып атсалысу керек, яғни әр азамат қоғамда болып жатқан әрбір іске, қоғамдағы жағымсыз әрекетке қарсы тұра білуі, сол жолда қолынан келгенше жұмыс жасау қажет. Бұл жемқорлық қоғам дерті. Жемқорлық қызметтік лауазымды пайдалана отырып оны жеке мүддеге пайдалану. Жемқорлық, әсіресе мемлекеттік органдарда қауіпті. Тәжірибе көрсеткендей, жемқорлық мемлекеттік басқару жүйесін бұзады, экономиканың дамуына шектеу қояды, әсіресе экономика саласында ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік береді, алайда көп жағдайда азаматтардың өзі лауазымды қызметкерлердің осындай қадамға баруына себепші болады. Сондықтан да, заң бойынша «алушыға» ғана емес «берушіге» де жауапкершілік артылған. Жасалған сыбайлас жемқорлыққа байланысты заң бұзушылықты, сіз экономикалық қылмыстар мен сыбайлас жемқорлықпен күрес Департаментіне сенім телефоны-114, сонымен қатар, әр мемлекеттік органдардағы сенім телефондары арқылы хабарласа аласыз. Жоғарыда аталған кепілдіктер жалған ақпарат берген тұлғаларға көрсетілмейді. Осы орайда, Созақ аудандық қазынашылық басқармасы мемлекеттік мекемесі ғимаратының кіре берісінде «Сенім жәшігі» орналастырылып, қабырға бетке Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) ілініп тұр. Созақ аудандық қазынашылық басқармасының «Сенім телефоны» көрнекі жерге ілініп, сенім телефон нөмірі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы мақалалар аудандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, тұрақты түрде жұмыс жасалып келеді.

Зиба ИБАХОДЖАЕВА,

Созақ аудандық қазынашылық басқармасының басшысының орынбасары.

«Уранкуат» ЖШС Таукент филиалысумен қамту және сарқынды суды бұру қызметтеріне тариф бағаларын жариялайды

2024 жыл 01 наурыздан бастап

Негіздеме: ҚР Ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің «2024 жылға қуаты аз табиғи монополия субъектісінің тарифін индексстеу деңгейін айқындау туралы» 24.10.2023 жылғы №145-ОД санды бұйрығы, «Уранкуат» ЖШС Таукент филиалының «Сумен қамту қызметінің тарифін бекіту туралы» 17.01.2024 жылғы №23 санды бұйрығы және «Сарқынды суды бұру қызметінің тарифін бекіту туралы» 17.01.2024 жылғы №22 санды бұйрығы.

№	Қызмет түрі	Өлшем бірлігі	Тарифі, теңге ҚҚС-сыз	Ақы мөлшері, теңге ҚҚС-мен
1.	Сумен қамту қызметі	теңге/м3	909,58	1 018,731
2.	Сарқынды суды бұру қызметі	теңге/м3	352,38	394,67

Жарамсыз деп танылсын

Сейт Анель Нұрғалиқызының иелігіндегі 1997 жылы шығарылған «Toyota Surf» маркалы автокөлігінің «KZ 406 AU/02» санды мемлекеттік тіркеу белгісінің 1 данасы жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Асыл ана, аяулы ана ардақты

Шолаққорған ауылының тұрғыны, аудандық тұтынушылар одағының еңбек ардагері, ардақты ана Бейсекен Рымкүл Баймаханқызының өмірден озғанына қырық күннің жүзі болды.

Асыл ана, аяулы ана ардақтым, Көтердің-ау ең ауырын салмақттың. Өміріңнің қысы мен жазыңда, Ұл-қызыңды қиясына самғайттың. Сен кеткелі көрсетпеді ай жүзін, Сен кеткелі барша элем тұңғыық. Рухыңа арнап құран бағыштап, Ас береміз ағайыңға жиылып,-дей отырып, анамыз Рымкүл Баймаханқызының рухына бағыштап 25 қаңтар 18-00-де қонақ асы, 26 қаңтар күні 11-00-де қырық күндік асы Шолаққорған ауылы Ы.Алтынсарин көшесіндегі өз шаңырағында өтетінін ағайын-туыс, құда-жекжат, әкеміздің көзін көрген замандастарының есіне саламыз.



Асқа шақырушылар: ұл-қыздары мен келіндері, немерелері.

№1 колледж» МКҚК-нің әкімшілігі, еңбек ұжымы және кәсіподақ комитеті колледждің директоры Қордашбеков Бақдәулетке қайын енесі **Жақаева Бибайшаның** қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

№1 колледж» МКҚК-нің әкімшілігі, еңбек ұжымы және кәсіподақ комитеті зейнеткер **Жақудев Үсен** ағайдың қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2024 жылдың ақпан айының 1-2 күні Қарақұр ауылдық округінің Қарақұр, Шаға, Раң елді мекенінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары өтеді.

Талқыланатын мәселе: жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңының 39-3-бабының 5-тармағына және «Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымындағы №122 бұйрығына және Түркістан облысы Созақ ауданында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы 7 қараша 2023 жылғы №62 шешімен бекітілген ережені негізге ала отырып, бөлек жиындарды жүргізетін уәкілеттік берілген тұлғалардың көшелерде жиындар өткізу жұмыс кестесі.

1-қосымша қ/с	Бөлек жиын өткізуге уәкілеттілік берген жауапты тұлғаның аты-жөні	Бөлек жиын өтетін көшелер	Ақпан	Өтетін уақыты	Жиынның өтетін орны	Азаматтар саны
1	Ф.Бимендиев	Наурыз	+	2 10-00	Н.Дүйсеновтің үйінің тұсы	322
2	Ф.Бимендиев	Үсенбай датқа	+	12-00	Ескерткіштің тұсы	207
3	Ф.Бимендиев	Абай	+	16-00	Қ.Сатжановтың үйінің тұсы	211
4	Ф.Бимендиев	Құрмағазы	+	18-00	Бименді ата мешітінің тұсы	198
5	Ф.Бимендиев	Б.Батырбекова	+	9-00	Ж.Ысқақовтың үйінің тұсы	92
6	Ф.Бимендиев	Раң елді мекені	+	11-00	Б.Батырбекова атындағы жалпы орта мектебінің тұсында	221
7	Ф.Бимендиев	Шаға елді мекені	+	16-00	С.Бақбергенов атындағы жалпы орта мектебінің тұсында	209

Тілсіз жаудың алдын ал!

Табиғат ресурстары тозбайтын, жоғалмайтын мәңгілік дүние, бол-маса, сарқылмайтын қазына емес. Сондықтан да табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, өрттен, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек», -деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауылды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң – құстарға ықтасын пана болып, жейтін азық болатын естен шығармайық. Сондықтан орманды алқаптардың құрып кетіп, жоғалуына жол бермей, көзін жоюдан аулақ болайық. Сексеуілдің басты пайдасынан гөрі, бір күндік жылуын, кәуап дайындауға таптырмас отын екендігін ойлап, ысырапсыз жарататындар көп. Мың күндігін емес бір күндігін ойлап, табиғатқа залал келтіретін жандар жетерлік. Тойымсыздықпен, ашкөздікпен құртылған дүниенің орнына қайта келу көп жылдар еншісінде екені анық. Әсіресе орманымызды өрттен сақтау әрбірімізге зор міндет. Олардың да қоршаған орта үшін әкелетін зияны көп екенін ұмытпайық. Табиғат әсіресе, орманды жасыл желек адамзаттың бойына шаттық, көңіліне шабыт, сезіміне ерекше шабыт, сезіміне ерекше ләззат сыйлайтын ерекше сұлулық пен әдемілік әлемі. Табиғат –ананы орман өртінен сақтап қорғайық. Ол адамзат үшін ауадай қажет екендігін әрдайым естен шығармайық.

Ж.АМАНГЕЛДІ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Орманды алқапты өрттен қорғайық

Таулы аймақта, орманды тау баурайларында, тіпті төменгі өзен салаларында орман өрттері орын алуы мүмкін. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызымыз орындалғаны болар еді.

Ө.ЖАҚСЫБАЙ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Сексеуілге қамқор болайық!

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек», -деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауылды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң – құстарға ықтасын пана болып, жейтін азық болатын естен шығармайық. Сондықтан орманды алқаптардың құрып кетіп, жоғалуына жол бермей, көзін жоюдан аулақ болайық.

Әсіресе орманымызды өрттен сақтау әрбірімізге зор міндет. Кенеттен болған өрт, аң құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянаттарымыз.

Ә.ДАУЫЛБАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

